

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 23 мамыр N 877. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1997.11.19. N 1608 қаулысымен

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 Жарлығына U973377_ сәйкес (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 10, 39-құжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы
Ереже;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
қарауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдері қоса
беріліп отырған тізбеге сәйкес күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 23 мамырдағы
N 877 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
министрлігі туралы
(Ауылшармині)
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады, ол республиканың ауыл, орман, аң және балық шаруашылықтарына, су және жер ресурстарына мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады.

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады .

3. Министрлік пен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін қаржыландыру және олардың материалдық-техникалық қамтамасыз ету республикалық және жергілікті бюджетте аталған мақсаттар үшін көзделген қаржылар есебінен жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Министрліктің құрылымы мен штат санын белгілейді .

5. Министрлік заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджет банкінде бюджеттік және ағымдағы шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және қазақ, орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі болады.

II. Министрліктің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

6. Халықты азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етуге бағытталған ауыл, орман, аң және балық шаруашылықтары, жер және су ресурстары саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу, дамып келе жатқан нарықтық қатынастар жағдайында аграрлық сектордың, орман, аң және балық шаруашылықтарының экспорттық мүмкіндіктерін ұлғайту мақсатында

М и н и с т р л і к :

ерекше қорғалатын табиғи аумактарды қоса алғанда, ауыл, орман, аң және балық шаруашылықтары салаларын дамытудың, су және жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен оларды қорғаудың мемлекеттік басымдылықты бағдарламаларын әзірлеуді және оларды жүзеге асыруға қатысады;

ауыл, орман, аң және балық шаруашылықтары, су шаруашылығы мен жер қатынастары мәселелері жөніндегі заң және нормативтік құқықтық актілердің жоғаларын дайындауды ;

агроөнеркәсіп кешеніндегі реформаларды жетілдіруді және тереңдетуді, сондай-ақ шаруашылық жүргізудің алуан түрлі нысандарын дамытуды;

ауыл, орман, аң және балық шаруашылықтарын, су және жер ресурстарын дамыту тұжырымдамаларын әзірлең, жүзеге асыруды, тенденцияларды талдауды және оның перспективаларын болжамдау мен айқындауды;

нарық жағдайларындағы жаңа құралымдардың істеуінің экономикалық тетігін жетілдіру жөніндегі ұсынымдарын әзірлеуді;

өндіріс дамуының артына жағдай жасауды, республиканың ішкі қажеттерін қанағаттандыратын ауыл шаруашылығы, балық, орман және аң шаруашылығы өнімдерін шығарып, ұқсатуды және оларды сыртқы рынокқа беру жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды;

республиканың аграрлық секторына, орман, аң, балық, су және жер шаруашылықтарына маркетингтік басқару жүйесін енгізууді;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мұдделерін қорғауға, барлық агроөнеркәсіп кешені салаларының қызметі үшін қолайлы жағдайлар туғызуға бағытталған қаржы, несие, салық және кеден саясатын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды белгіленген тәртіппен енгізууді;

қаржы-экономикалық сауықтыру (санация) немесе дәрменсіз шаруашылықтар мен кәсіпорындарды тарату жөніндегі шараларды жүзеге асыруға бағытталған бағдарламаларды орындауды;

агроөнеркәсіп кешеніндегі меншіктің алуан түрлі нысандары мен шаруашылық жүргізу түрлерінің жұмыс істеуі жағдайларында есепке алууды, оперативтік, статистикалық және бухгалтерлік есеп беруді ұйымдастырып, оны жетілдіруді;

агроөнеркәсіп кешенінің тракторларға, комбайндарға, автомобилдерге, жабдықтарға, ауыл шаруашылығы машиналарына, отынға және басқа да материалдық қорларға деген қажеттігінің болжауларын жасауды;

мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды, техникалық және энергетикалық қамтамасыз етуді, химияландыру және ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау, мелиорациялау, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге сервистік қызмет көрсету саласындағы жұмыстарды үйлестіруді;

жердегі алуан түрлі шаруашылық жүргізу нысандарының тиімді жұмыс істеуі үшін құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар туғызууды, жер құнарлылығын сақтауға, оны үнемі жаңартып отыруға және оларды ұтымды пайдалануға бағытталған шараларды жүзеге асыру мақсатында жер қатынастарын дамытууды;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін табиғи зілзалалардан, төтенше жағдайлардан, эпизоотиялардан, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің аурулар мен зиянкестерден зақымдануынан туындаған сақтандырып, қорғауға бағытталған

ш а р а л а р д ы

ж ү з е г е

а с ы р у д ы ;

мемлекетаралық сыртқы экономикалық байланыстар мәселелеріне, сараптама дайындауға, Үкіметтің тапсыруы бойынша шартта (келісім-шарттар) жасауға ж ә р д ө м д े с ү д і ;

Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын сақтау және пайдалану мәселелерінде Каспий маңындағы мемлекеттердің балық шаруашылықтары мемлекеттік басқару органдарымен өзара бірлесе отырып іс-қимыл жасауды;

республиканың ішкі су тоғандарының, Каспий және Арал теңіздерінің аумақтық және экономикалық аймақтарының балық ресурстарын басқару жөніндегі шараларды Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен бірлесе отырып өзірлең, жүзеге асыруды;

трансшекаралық суларды бірлесіп пайдалану мен қорғауды;

Қазақстан Республикасымен мемлекеттік шекаралары ортақ мемлекеттермен геодезиялық, топографиялық және картографиялық жұмыстар өндірісін Ү й л е с т і р у д і ;

өсімдік, мал шаруашылықтарындағы, балық, орман, аң шаруашылықтары салаларындағы, су және жер шаруашылықтарындағы, ұқсатушы өнеркәсіптегі ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттарын айқындауды, өндіріске ғылым мен техника жетістіктерін енгізуге жәрдемдесуді;

агроөнеркәсіп секторында, балық, орман, аң, су және жер шаруашылықтарында инвестицияларды пайдаланудың басым бағыттарын айқындауды ;

агроөнеркәсіп кешенінің, балық, орман, аң, су және жер шаруашылықтарында кадрлар әлеуетін айқындауды, мамандар қажеттілігін болжауды, кадрлар даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлау жөніндегі шараларды өзірлеуді, консультативтік көмектер көрсетуді;

ауыл шаруашылығы мен ұқсатушы салалар өнімдерінің сапасына, олардың ұтымды пайдаланылуына, балық, орман және аң шаруашылығы ресурстарын, су және жер қорларын қорғауға және оларды ұдайы жаңартып отыруға, өсімдіктер, тұқымдар карантиніне, мал дәрігерлігі заңдары мен тұқымдық қадағалаудың орындалуына мемлекеттік бақылау жасаудың жүзеге асырылуын, сондай-ақ машиналар мен жабдықтардың техникалық жай-күйіне, кешенді мелиоративтік құрылышқа, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелеріне қадағалау жасауды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

7. Министрлік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

агроөнеркәсіп заңды тұлғаларының іс-қимылын үйлестіреді;

агроөнеркәсіп кешеніндегі экономикалық реформаларды тереңдету және кәсіпорындардың жекешелендіруден кейінгі кезеңде жұмыс істеу мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық базаны өзірлеу жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

жер реформасын жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді, оны ғылыми, кадрлы және әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады, жерге орналастыру және жер реформасы жөніндегі шараларды әзірлеп, олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

жергілікті атқарушы және өкілетті органдармен, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарымен және олардың жергілікті жерлердегі органдарымен жер қатынастарын реттеу, жерлерді пайдалану және оларды қорғау, жер реформасын жүргізу мәселелері бойынша бірлесіп іс-қимыл жасайды

жер рыногы мен жер пайдалану құқығын қалыптастыруға және дамытуға жәрдемдеседі;

азық-түлік шығаруды көбейту жөніндегі бағдарламалар мен ұсынымдарды әзірлейді және өндірістік әлеует пен республиканың әрбір аймағының өзін-өзі қамтамасыз етуі мен өнімдерді сатудағы мүмкіндіктерін ұтымды пайдалануына
көмектеседі;

агроөнеркәсіп кешені жүйесіндегі сыртқы экономикалық қызметті

өндірісті қаржымен қамтамасыз ету ресурстарына байланысты қажеттілікті айқындейды және оларды қалыптастыру көздері бойынша ұсыныстар енгізеді;

агроөнеркәсіп кешені, балық, орман, аң, су және жер шаруашылықтары мамандарына деген қажеттілікті айқындаиды және ғылыми-техникалық прогрессің жаңа жетістіктерін пайдалануды ескере отырып, барлық топтар кадрларын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жұмыстарын үйлестіреді;

агарлышың нарықты, нарық инфрақұрылымдарын реттеу тетігін жасауға және агроОнеркесіп кешенінің, балық, орман, аң, жер және су шаруашылықтарының барлық тауар өндірушілеріне қажетті экономикалық жағдайлар туғызуға жәрдемдеседі;

ауыл шаруашылығы өндірісіндегі, балық, орман, аң, су және жер шаруашылықтарына механикаландыруды, электрлендіруді, энергетиканы көлік пен байланысты дамыту жөніндегі техникалық саясатты жүргізеді;

астық өнімдері, тамақ өнеркәсібі салалары бойынша перспективалық даму мен бірыңғай техникалық саясат жүргізудің жоспар-болжамдарын жасайды;

агроөнеркәсіп кешеніндегі басым бағыттарды, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер тақырыбын Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанындағы Аграрлық зерттеулер жөніндегі ұлттық академиялық орталықпен бірлесе отырып айқынрайдай, ғылыми-техникалық прогрессі дамыту мәселелерін, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың басым бағыттары жөніндегі негізгі

Ұ с ы н ы с т а р д ы

қ а р а й д ы ;

мал дәрігерлігі саласындағы ғылыми зерттеулерді үйлестіреді;

ведомстволық бағыныстағы қәсіпорындар мен мекемелерге мемлекеттік басқару функциясын жүзеге асырады және жергілікті жерлерге қажетті ұйымдық, экономикалық, заң және консультациялық көмектер көрсетеді, қәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын арттыру жөніндегі шаралар жүйесін жасайды;

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен, "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамымен бірлесе отырып мемлекеттік астық ресурстарының, оның жұмылдыруышылық және сақтандыру қорларының баланстарын әзірлейді;

м ы на л а р д ы :

агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларының бірлесіп іс-қимыл жасау тетігін әзірлеуді;

тенденцияларды талдауды, барлық меншік нысандарын ескере отырып ауыл шаруашылығы өндірісі салаларын дамыту, орналастыру және мамандандыру перспективаларын болжамдау айқындауды;

түрлі меншік нысандарының ауыл шаруашылығы өндірісінде, балық, орман, аң, су және жер шаруашылықтарында шаруашылық жүргізуудің көп қырлылығын дамытуды мемлекет тарапынан қолдау үшін бюджеттен бөлінетін қаражаттар есебінен мақсатты қаржыландыруды;

инвестициялық бағдарламаларды, соның ішінде олардың шетелдік кредиттер есебінен қаржыландырылатындарын әзірлең, жүзеге асыруды;

инвестициялық саясатты, өндірістік, мелиоративтік және әлеуметтік объектілерді жобалауга ғылыми және әдістемелік басшылық жасауды, мемлекеттік сараптау жүргізуі, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша жобаларды бекітуді жүзеге асырады;

м ы на л а р д ы :

кәсіпкерлікті мемлекет тарапынан қолдауды және оның дамуына, сондай-ақ нарықтық инфрақұрылымдардың қалыптасуы мен дамуына көмектесу жөніндегі

Ұ с ы н ы с т а р д ы

д а й ы н д а у д ы ;

Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының жұмыс істеуін;

нақты жер участекерін жекеменшікке сату немесе мемлекеттің пайдалануына және кепілге беру кезінде олардың құнын белгілеуді;

Министрлік жүйесіндегі мемлекет қорғайтын ақпараттарды қорғау жөніндегі

ж ұ м ы с т а р д ы ;

жер участекін меншіктену және тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актілерді әзірлеуді және оларды беруді;

мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізуі;

м ы на л а р ғ а :

сыртқы және ішкі рынок конъюнтураларын ескере отырып, азық-тұлік, шикізат, материалдық-техникалық және қаржы ресурстары баланстарын жасауға;

бюджетті қалыптастыруға, агроенеркәсіп кешеніндегі, балық, орман, аң, жер және су шаруашылықтарындағы стратегиялық міндеттерді шешуге қаржы қаражаттарының қажеттілігін негіздеуге;

өндірістік және қаржы мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, қажетті стандарттарды, ғылыми-техникалық ұсынымдарды әзірлеп, жетілдіруге және олармен агроенеркәсіп кешенін, балық, орман, аң, жер және су шаруашылықтарының өндірістік құрылымдарын қамтамасыз етуге;

бухгалтерлік есеп пен есеп беруді жүргізуდің салалық ерекшеліктерін әзірлеуге, бухгалтерлік есептерді заңда белгіленген мерзімдерде жасап, беруге;

жем-шөп базасын нығайту, дала малының азықтарын өндіру алаңдарын жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға;

жер үшін төленетін ақыны белгілеу және жерді ұтымды пайдалануға экономикалық жағдай жасау шаралары бойынша ұсыныстар әзірлеуге;

су пайдаланудың жиынтық жоспарларын дайындауға, өзен бассейндері, экономикалық және өндірістік аудандармен облыстар үшін қысқа мерзімді және перспективалық су шаруашылықтары баланстарын жасауға;

мұдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және өзге де орталық атқарушы органдармен бірлесе отырып, су пайдаланудың барлық түрлеріне, су беру қызметіне, оларды қолдану шарттарына тарифтер жасауға;

ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізаттарын ұқсатудың ішкі және сыртқы рыноктарының конъюнктурасы туралы рыноктық ақпараттардың маркетингтік зерттеулеріне, бәсеке мен кәсіпкерліктің дамуын қамтамасыз етуге;

айналадағы ортаны қорғау бағдарламаларын әзірлеп, енгізуғе;

Каспий маңындағы мемлекеттердің балық шаруашылығы ұйымдары өкілдерінің Каспий теңізі биоресурстарын сақтау және пайдалану мәселелері жөніндегі кеңесінің жұмысына, Каспий және Арал теңіздерін қоса алғанда, балық шаруашылықтары тоғандарында ғылыми-зерттеулер ұйымдастыруға;

Үкіметтің тапсыруы бойынша: Қазақстан Республикасымен мемлекеттік шекарасы ортақ мемлекеттермен шекара аумақтарында геодезиялық, топографиялық және кратографиялық жұмыстар өндірісі жайындағы келіссөздерге қатысуға және халықаралық шарттар мен келісімдер жобаларын әзірлеуге қатысады;

м ы на л а р б о й ы н ш а :

ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қордың, Лизинг қоры міндеттерінің орындалуы және олардың қаражаттарының

пайдалануы;

ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-тұліктегінің отандық рыногын қорғауда кедендей саясатты жетілдіру жөніндегі ұсыныстар енгізеді.

8. Министрлік өзіне жүктелген тапсырмалармен міндеттерді жүзеге асыру кезінде республика агрономеркесіп кешенінің, балық, орман және аң шаруашылықтарының кәсіпорындары мен шаруашылықтарының, олардың меншік нысанына, шаруашылық жүргізуі мен ведомствоға қарасты органдар мен лауазымды адамдардың мұнадай жұмыстарын;

өндірілетін, сатып алғынатын, ұқсатылатын және өткізілетін өнімдердің сапасына, өнімге қолданылып жүрген стандарттардың және технологиялық талаптар мен оны сынау әдістерін сақтау;

тұқым шаруашылықтарында, сорт сынауда және сорт жаңартуда ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының жаңа тұқымдарын шығару және оларды қабылдау, балықтардың жаңа түрлерін жерсіндіру;

балық, орман, аң, жер және су ресурстарын ұтымды пайдалану, ұдайы жаңартып отыру және оларды қорғау;

еңбек қорғау, тракторлардың, комбайндардың, ауыл шаруашылығы машиналарының жол жүру қауіпсіздігі, өрттен қорғау, машина-трактор паркінің техникалық жаи - күйі;

карантиндік қызмет, мал тұқымын асылдандыру ісі, мал дәрігерлігі, есімдіктерді, ормандарды қорғау жөніндегі нормативтік актілердің сақталуы;

мал дәрігерлігі препараттарын шығару;

суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайына және оларды пайдалануға техникалық қадағалау жасау;

ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау және жайылымдарды суландыру жұмыстарына инженерлік қадағалау жасау;

Қазақстан Республикасында геодезиялық қадағалау жасау;

өз құзыретінің шегінде орындалуы міндетті нұсқаулар беру және нормативтік құқықтық актілер шығару;

мемлекеттік кәсіпорындарды және өзге де ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері жөніндегі ұсыныстарды Үкіметке енгізу; мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтайшысы болу, олардың

жарғыларын бекіту, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқықтары субъектісінің міндеттерін жүзеге асыру;

мемлекеттік кәсіпорындар басшыларын тағайындау;

Министрлікке жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін республиканың статистика органдарынан және тиісті министрліктер мен

ведомстволардан белгіленген тәртіппен қажетті есептік мәліметтерді сұрау, алу;

лицензиялауды заңдарда белгіленген жағдайлар мен тәртіпте жүзеге асыру;

өз құзыретінің шегінде мемлекеттік мешіт мұліктерін иелену, пайдалану және билік жұмыстарын ұйымдастырады және соған басшылық жасайды.

III. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

9. Министрлік пен оның аумақтық органдары Ауыл шаруашылығы министрлігінің бірыңғай жүйесін құрайды.

10. Министрлік жанынан заңды тұлғалар болып табылатын Мал дәрігерлігі, Орман және аң шаруашылығы, Су ресурстары, Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттер құрылған. Комитеттердің өз аумақтық органдары болады. Комитеттер туралы Ережелерді Үкімет бекітеді.

11. Министрліктің орталық аппараты министрлік қызметін қамтамасыз ететін департаменттер мен басқармалардан тұрады.

12. Министрлікті Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындастын және қызметтен босататын Министр басқарады.

Министрдің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын орынбасары (вице-Министр) бар.

Заңды тұлға болып табылатын комитеттердің төрағаларын Министрдің ұсынуымен Үкімет қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

13. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етеді, Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және өз міндеттерін жүзеге асыруға дербес жауап береді.

14. Осы мақсаттарда Министр өз орынбасарының, Министрліктің басқа да қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктері шенберін белгілейді.

Министрліктің қызметкерлерін жұмысқа алады және жұмыстан босатады; қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Министрлікті барлық органдарда және ұйымдаста білдіреді;

Министрлік орталық аппаратының штаттық кестесін, Министрлік қызметін қамтамасыз ететін құрылымдары туралы ережелерді бекітеді; өз құзыретінің шегінде бұйрықтар, нұсқаулар шығарады және Министрлік жүйесіне енетін барлық кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдармен

мекемелердің орындауы үшін міндettі нұсқаулар береді;

Министрлік қажетті жағдайларда республиканың басқа министрліктермен және ведомстволарымен бірлесе отырып бүйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

15. Министрлікте алқа құрылады, оның құрамында Министр (алқа төрағасы), Министрдің орынбасары (вице-Министр), сондай-ақ Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері болады. Алқаның сандық құрамын Үкімет бекітеді. Алқаның дербес құрамын Министр бекітеді.

16. Министрлік алқасы өзінің жүйелі өткізілетін мәжілістерінде Министрлік құзыretіне жататын мәселелерді қарайды.

Министрлік алқасының шешімдер Министрлік бүйрықтарымен ресімделеді.

17. Өз құзыretіне жататын мәселелер бойынша Министрлік ведомстволық бағыныстағы ұйымдар үшін міндettі шешімдер қабылдайды.

18. Министрдің орынбасары Министр болмаған кезде оның міндettерін атқарады, Министрлік жанындағы Комитеттердің жұмыстарын үйлестіреді, өзіне Министр жүктеген өзге де міндettерді жүзеге асырады.

19. Министрлік ерекше қорғалатын табиғи аумақта мен аң аулау шаруашылығын қоса алғанда, агроенеркәсіп кешенін, жер және су ресурстарын, балық, орман және аң шаруашылықтарын басқару жөніндегі мемлекеттік қызметтерді өзінің аумақтық органдары арқылы жүзеге асырады.

20. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларының, облыстық комитеттердің, бірлестіктердің, кәсіпорындармен республикалық бағыныстағы ұйымдардың, Су ресурстары, Жер ресурстарын басқару, Орман және аң шаруашылықтары комитеттерінің басшыларын облыс әкімдерінің келісуімен Министр қызметке тағайындауды және қызметінен босатады, ал аудан басшыларын аудан әкімдерінің келісуімен облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларының бастықтары қызметке тағайындауды және қызметінен босатады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 23 мамырдағы
N 877 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
министрлігінің қарауындағы мекемелердің
ТІЗБЕСІ

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармалары
Аудандық ауыл шаруашылығы басқармалары
Өсімдіктер карантин жөніндегі бас мемлекеттік инспекция облыстық
мемлекеттік инспекцияларымен

Респубикалық өсімдік қорғау станциясы
Респубикалық астық инспекциясы
Респубикалық тұқымдық мақта станциясы

Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі
респубикалық мемлекеттік комиссия облыстық инспектураларымен, сорт
сұнау станцияларымен және участкерімен

Респубикалық мемлекеттік тұқым инспекциясы облыстық және
аудандық мемлекеттік тұқым инспекцияларымен

"Респубикалық стандарттау, метрология және экология орталығы"
қазыналық кәсіпорны

"Қазақ мемлекеттік аймақтық машина сұнау станциясы" қазыналық
кәсіпорны (ҚазМСС)

"Қызылорда мемлекеттік аймақтық машина сұнау станциясы"
қазыналық кәсіпорны

"Павлодар мемлекеттік аймақтық машина сұнау станциясы" қазыналық
кәсіпорны

"Тың мемлекеттік машина сұнау станциясы" қазыналық кәсіпорны
Жетісу гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы

Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы

Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы

"Инжгеодезия" Алматы инженерлік-геодезиялық қазыналық кәсіпорны

"Картография" картографиялық қазыналық кәсіпорны

"Картографиялық және геоакпараттық жүйелер ғылыми-өндірістік
кәсіпорны" қазыналық кәсіпорны (Картинформ ҒӘК)

"Орталық картографиялық-геозедиялық қор" қазыналық кәсіпорны
(ОКГҚ)

"Ақмолатопогеозедия" Ақмола топографиялық-геодезиялық қазыналық
кәсіпорны

"Актюбгеодезия" Ақтөбе картографиялық-геодезиялық қазыналық
кәсіпорны

"Жамбылгеодезия" Жамбыл картографиялық-геодезиялық қазыналық

кәсіпорны

"Қарағандамаркшайдерия" Қарағанды топографиялық-маркшайдерлік қазыналық кәсіпорны

"Шымкентгеодезия" Оңтүстік Қазақстан топографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорны

"Талғаргеодезия" Талғар картографиялық-геодезиялық қазыналық кәсіпорны

Майбалық балық питомнигі

Қазақ өндірістік-жерсіндіру станциясы

Қапшағай уылдырықтандыру-өсіру шаруашылығы

Бұқтырма уылдырықтандыру-өсіру шаруашылығы

Жезқазған балық питомнигі

Қамысты-Бас балық питомнигі

Зеренді балық питомнигі

Жоғарғы Тобыл балық питомнигі

Качир балық питомнигі

Шідерті уылдырықтандыру-өсіру шаруашылығы

Петропавл балық питомнигі

Шардара балық питомнигі

Суда жүзу мен балық өнеркәсібі флотын порттық қадағалау жөніндегі қазақ мемлекеттік инспекциясы (Мал дәрігерлік шекаралары мен сол жерлердегі көліктік бақылау пункттері бар шекарадағы және көліктегі Қазмембалықфлотинспекциясы)

"Қазөнеркәсіпауылшаржобалау" бас мемлекеттік жобалау институты

Жер ресурстары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы (МемжерFӨО) еншілес кәсіпорындарымен

Мемлекеттік ауыл шаруашылығы аэрофотогеодезиялық зерттеулер жөніндегі институты (АШАГЗМИ)

Қазақ жер мониторингі және әкожүйелер қазыналық институты (ҚазЖМИ)

"АгроЭнеркәсіпжүйесі" өндірістік-енгізу фирмасы

Қазақ орман орналастыру кәсіпорны

Респубикалық орман инженерлік селекциялық-тұқым орталығы (ОИСТО)

Алматы аймақтық орман инженерлік селекциялық-тұқым шаруашылығы орталығы (ОИСТШО)

Қазақстанның ормандары авиациялық қорғау және орман шаруашылықтарына қызмет көрсету базасы

"Лавар" оқу-өндірістік селекциялық кәсіпорны

"Охотзоопром" ӨБ

Қазақтың орман шаруашылығын жобалау институты (Қазгипроорманшар)

Қазақ орман шаруашылығының басшы қызметкерлері мен мамандарының біліктілігін арттыру институты (ҚазОШБАИ)

Қазақ республикалық орман-тұқым шаруашылығы станциясы

Шекарағы және көліктегі мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау бас басқармасы

Ауыл шаруашылығы жануарларының ауруларына қарсы құрес жөніндегі республикалық экспедиция

Республикалық мал дәрігерлігі лабораториясы

Талдықорған аса қауіпті мал аурулары аймақтық мамандандырылған мал дәрігерлігі лабораториясы

"Союзцелинвод" тресі

"Спецводопроводсельстрой" кәсіпорны

Ертіс-Қарағанды каналын пайдалану жөніндегі кәсіпорын

Шардара ГЭС су қоймасымен

"Кзылордасельхозводопровод" тресі

Тасөткел су қоймасын пайдалану жөніндегі басқарма

"Суавтоматика" ғылыми-өндірістік орталығы

Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналы мен Бартогай су қоймасын пайдалану жөніндегі басқарма

"Арал" тұрғызылып жатқан кәсіпорындардың біріккен дирекциясы

"Қазсуресурстары" ғылыми-техникалық ақпарат орталығы

"Қазагромелиоводхоз" республикалық мелиорация және су шаруашылығы өндірістік бірлестігі

Республикалық маркетингтік зерттеулер мен нарықтық ақпараттар орталығы

Республикалық баспа-әдістемелік орталығы

"Ауыл жастары" республикалық ауыл шаруашылығы бірлестігі

"Ауыл" газетінің редакциясы

"Сельская новь" газетінің редакциясы

Өндірістік-пайдалану басқармасы

Картографиялық кәсіпорны

Жеңіл автомобильдер көлікжайы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 23 мамырдағы
N 877 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күшін
жойған кейбір шешімдерінің
ТІЗБЕСІ

1. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің жанынан Геодезия және картография бас басқармасын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 10 қантардағы N 19 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., N 1, 15-бап).

2. "Қазақстан Республикасының Геодезия және картография бас басқармасы туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 31 наурыздағы N 301 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., N 13, 222-бап).

3. "Жерге орналастыру жөніндегі Қазақ мемлекеттік жобалау институтын Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы етіп қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 ақпандағы N 230 Р940230_ қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 12, 112-бап).

4. "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 мамырдағы N 631 Р950631_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, N 17, 130-бап). 2-тармақтан басқасы.

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 115 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімдерінің 7-тармағына өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 5, 62-бап).

6. "Қазақстан Республикасы Орман шаруашылығы комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 сәуірдегі N 513 Р960513_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 17, 145-б а п) .

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күшін жойған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1031 Р961031_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің 1-тармағына өзгертулер енгізіледі (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 35, 327-бап).

8. "Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 1225 Р961225_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 41, 386-бап).

2 -тар мақтан

басқасы.